

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасы

«Кел танысайың!»

Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг

Педагог-психолог: Н.Д.Аметова

2022-2023 оқу жылы

Күрметті ата-аналар! Сіздерді біздің балабакшада көргенімізге оте қуаныштымыз. Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің үйіткесі ата-ана мен балабакша. Болашақ десек те, келешек десек те бала – үрпақ деген мағынаны білдіреді.

Адамның озге тіршілік иессінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашагын ойлау, адам етіп тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі – бір отбасының гана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абырайлы міндеті. Кезінде Әл-Фараби бабамыз «Гылым емес, ең алдымен тәрбиесе қоңыр болу керек, тәрбиесіз адамга гылым баянды болмайды» - демеп не еді. Осыған орай бүкіл ата-ана тәрбиеге бет бұруы керек. Үрпақ тәрбиесіне мұдделі екендігін ата-аналар іс-жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде гана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат. Олай болса біз сіздермен ең алдымен танысып алайық.

«Кел танысайық!» тренингі:

Мақсаты: бала тәрбиесіндегі балабакша мен отбасы ынтымактастырының нығайту. Балалардың мінезд-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіндігін т.б. тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.

Тренингті откізу барысы: ата-аналар шенбер күрып тұрады. «Менің есімім.....мен.....анасымын(әкесімін немесе ата-әже, аға, апасымын)» деп таныстырады. Өз баласы туралы (қандай да бір мінезд-құлқынан, бойындағы қасиеттерден) айта кету. Сіздермен танысканым қуаныштымын» - деп жұмсақ ойыншықты көрші тұрган ата-анаға беріп, әр бір ата-ана өзін таныстырып шыгады.

«Жедел тест» құрамындағы сұрақтар тек сіздер үшін қойылады, өз ойларыңызды білдіруге мүмкіндік аласыздар.

1. Балаңыздың ең сүйікті асы не?

А) жарма ботқасы Ә) сорпа Б) дүкендерің дайын тағамдар В) қуырылған картоп

2. Өскенде балаңыз кім болғысы келеді?

А) дәрігер Ә) Әнші Б) Елбасы В) Сарбаз

3. Балаңыз отбасында «кімнің баласы?»

А) атасы мен әжесінің Ә)әкесінің Б) анасының В) бәрінің

4. Балаңыздың ең жақсы көретін ойыншығы не?

А) машина Ә) қуыршақ Б) Құрастыру ойыншығы В) доп

5. Балаңыз неден қорқады?

А) қараңғыдан Ә) Иттен Б) Жалғыз қалудан В) қорықпайды

6. Балаңыз қандай мультфильмді қызығып тамашалайды?

А) Саяхатшы Дара Ә) Том және Джерри Б) Алдар көсе В) білмеймін

7. Балаңыз күнделікті үйқыға кетерде иені қалайды?

А) ертегі Ә) әлди әнін Б) арқасын сипалаганды В) ойыншығын құшақтағанды